

«Алматы облысы білім басқармасының Балқаш ауданды бойынша білім болімі» мемлекеттік мекемесінің № 2 Жамбыл атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» мемлекеттік коммуналдық мекемесі

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша откізілген іс-шаралар

2024-2025 оқу жылы

Қыркүйек айында “Оқуға құштар мектеп жобасы” аясында №2 Жамбыл атындағы орта мектебінде Қазақстанның халық суретшісі, ұлттық бейнелеу өнерінің негізін қалаушылардың бірі және қазақ мәдениетінің көрнекті тұлғасы Әбілхан Қастеевтің туғанына 120 жыл толуына орай, мектеп кітапханашының ұйымдастыруымен “Кылқалам шебері” атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Бұл шара 9-11 сынып оқушыларының қатысуымен жүзеге асты.



Шараның мақсаты: Оқушыларға ұлттық дәстүрлер мен өнерді насиҳаттау, мәдени мұраларды сақтау және таныту сондай-ақ оларға рухани тәрбие беру.

<https://www.facebook.com/share/v/18NdbA3d6U/>


Қазан айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Қазақстанның халық жазушысы, ХХ ғасырда қазақ әдебиетіне зор үлес қосқан суреткерлердің бірі, қоғам қайраткері Әбдіжамал Нұрпейісовтың 100 жылдық мерейтойына орай мектебіміздің 6, 9, 11 сынып оқушыларына «Қан мен тер» трилогиясының таныстырылымы болып өтті. Бұл іс-шараның мақсаты: Оқушыларды жазушының еңбектерімен, өмірі туралы оқыту арқылы әсемдікке, елжандылыққа, ұлттық потриатизмге тәрбиелей отырып, көркем әлемінің сырын ашу



<https://www.facebook.com/groups/2958909037673347/permalink/3983125975251643/?sfnsn=wa&ref=share&mibextid=WaXdOe>

Қараша айында “Оқуға құштар мектеп жобасы” аясында №2 Жамбыл атындағы орта мектебінде, мектеп кітапханашысының ұйымдастыруымен 7-8 сынып оқушыларына жазушы Б.Соқпақбаевтың шығармалары бойынша “Менің сүйікті кітабым” атты көркем әдебиеттер таныстырылымы болып өтті.

Бұл шараның мақсаты: Оқушыларды кітап оқуға баулып, білім көкжиектерін кеңейту.



<https://www.facebook.com/share/v/15eh5PHGFa/>

Желтоқсан айында №2 Жамбыл атындағы орта мектепте, мектеп кітапханашысының ұйымдастыруымен 6-7 сынып оқушыларымен бірге “Мен және менің отбасым қандай кітап оқиды?” тақырыбында іс-шара өткізілді.



Бұл шараның мақсаты: Отбасылық құндылықтарды насиҳаттау, отбасылық кітап оқу дәстүрін қалыптастыру, оқушыларды кітап оқуға ынталандыру. Отбасы мүшелерінің арасында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру, білімге құштарлықты қалыптастыру және отбасылық қарым-қатынасты нығайту.

<https://www.facebook.com/share/v/15AETyJKhz/>

Қантар айында "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "Қыста кітап оқимыз, жадымызыңда тоқимыз" тақырыбында оқушыларымыз қысқы демалыс күндерін тиімді пайдалану мақсатында кітапханаға келіп кітап оқып, оқыған кітаптары туралы өзара ойларымен бөлісті. Шараның мақсаты: Оқушыларды кітап үнемі кітап оқуға баулу, білім көкжиектерін кеңейту, тіл байлықтарын қалыптастыру.



<https://www.facebook.com/share/v/19xXyWXEpY/>

07.02.2025ж кітапханада – қазақтың қара өлеңін кие тұтқан, поэзия мұзбалағы, ақының ақын Мұқағали Мақатаевтың 94 жылдық мерейтойына арнайы 8-10 сынып оқушыларымен «Жырлайды жүрек» атты мәнерлел оқудан поэзия сағаты үйімдастырылды. Шара барысында оқушылар, ақынның жырларын жатқа оқып, тыңдарманды терең ойға жетеледі. Поэзия оқыған әрбір оқушының сөзі әуезді әуенмен өрілгендей, әрбір үні жүректен шыққандай әсер қалдырыды. Тыңдаған жанның көз алдында бейнелер тіріліп, поэзияның шынайы құдіреті сезілді." Бұл іс-шарның мақсаты: Ұлы ақынның мұрасын дәріптеу, Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін насиҳаттау, оның шығармашылығын кеңінен таныту.

Ақынның өлеңдеріндегі адамгершілік, отансүйгіштік, махабbat пен мейірімділік құндылықтарын оқушылардың бойына сіңіру.



<https://www.facebook.com/share/v/1ABuoYjj4B/>

Кітапханашы:  Ж.Нұрмәев